

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТ



5B010800-Дене шынықтыру және спорт мамандығының

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының деңгейі : Бакалавриат

Дайындау бағыты : Білім

Берілетін дәрежесі : 5B010800-Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім бакалавры

Шымкент, 2016ж.

«5B010800 - Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы жоғары білім берудің МЖМС негізінде, 23.08.2012 жылғы № 1080 ҚР Үкіметінің қаулысымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілді), 20.04.2011 жылғы №152 ҚР БҒМ «Оқу үрдісін ұйымдастыруда кредиттік технологияны оқытудың Ережелерін» бекіту (ҚР БҒМ 2014 жылғы 02 маусымдағы №198 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілді) бұйрығымен, 16.08.2013 жылғы ҚР БҒМ № 343 (ҚР БҒМ 2016 жылғы 5 шілдедегі №425 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілді) бұйрығына сәйкес жасалынған **«5B010800 – Дене шынықтыру және спорт»** мамандығының типтік оқу жоспары, типтік оқу бағдарламалары негізінде құрастырылған.

Құрастырушылар:

1. магистр, аға оқытушы Б. Асубаев.
2. доцент Қонарбаев Ж.Ө.
3. магистр, аға оқытушы Қ.С. Сихымбаев.

«Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының әдістемелік комиссиясында (2016 жылдың _____ № ____ хаттама) және мәжілісінде (2016 жылдың _____ № ____ хаттама) талқыланды.

Кафедра меңгерушісі

Ж.Ө. Қонарбаев

ӘК төрағасы

Сихымбаев Қ.С.

Педагогика факультетінің әдістемелік кеңесінде (2016 жылдың . № 1 хаттама) мақұлданды.

ӘК төрайымы

С. Қыпшақбаева

Шымкент университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен (2016 жылдың _____ № ____ хаттама) бекітуге ұсынылды.

ОӘК төрайымы

Қозбағарова Б.С.

МАЗМҰНЫ

1. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы	5
1.1 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері	5
1.2 Дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасының сипаттамасы	5
1.2.1 Мамандықтар тобындағы білім беру бағдарламасының орны	5
1.2.2 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін траекториялар тізбесі Студенттердің жеке оқу жоспарында көрсетілген	5
1.2.3. Мамандарды жұмысқа орналастыру перспективалары	6
1.3 Кәсіби қызметінің сипаттамасы	6
1.3.1 Кәсіби қызмет сферасы	6
1.3.2 Кәсіби қызмет объектісі	6
1.3.3 Кәсіби қызмет түрлері	6
1.3.4 Кәсіби қызмет функциясы	6
1.3.5 Кәсіби қызмет бойынша типтік тапсырмалары	6
1.3.6 Кәсіби қызметінің мазмұны	6
2. Оқытудан күтілетін нәтижелер	7
3. 5B011300 – Биология мамандығы бойынша бітіруші түлекке тағайындалатын құзыреттіліктер	7
3.1 Шешуші құзыреттіліктер	7
3.1.1. Жалпы білімділікке қойылатын талаптар	7
3.1.2 Әлеуметтік-этикалық құзыреттерге қойылатын талаптар	8
3.1.3 Экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне қойылатын талаптар.....	8
3.1.4 Өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, географиялық және әлеуметтік ұтқырлыққа байланысты дайындыққа қойылатын талаптар	8
3.2 Кәсіби құзыреттіліктер	8
3.2.1 А - білуі және түсінуі тиіс	8
3.2.2 В - білім мен түсінгенін қолдануы	9
3.2.3 С- пікір айтуды қалыптастыру	9
3.2.4 Д - Даралық коммуникативтік мүмкіндіктер	9
3.2.5 Е - оқу дағдылары немесе оқуға деген қабілеттілік	9
4. Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты	9
4.1 Білім беру бағдарламасына түсушілердің деңгейін айқындау ережесі	9
4.2 Оқыту нәтижесін ағымдағы бақылау	10
4.3 Оқыту нәтижесін қорытынды бақылау	10
4.4 Кредиттерді жинақтау және бағалау ережесі	10
4.5 Түлектердің жұмысқа орналасу динамикасын бақылау	11
5. Білім беру бағдарламасын іске асыруға қойылатын талаптар	12
5.1 Міндетті пәндер каталогы	12
5.2 Элективті пәндер каталогы	12
5.3 Практика бойынша бағдарламалар	12

5.4 Мамандықтың үлгілік оқу жоспары	12
5.5 Студенттің жеке оқу жоспары	12
5.6 Жұмыс оқу жоспары	12
5.7 Академиялық календарь	12
5.8 Білім беру бағдарламасының мазмұны	12
5.9 Жиынтық кесте	12
5.10 Формуляр	12
5.11 Кәсіби құзыреттілік және пәндер құзыреттілігінің матрицасы.....	12
5.12 Білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер ..	12
6. Білім беру бағдарламасын қолдау	
6.1 Интеллектуалды ресурстар (Профессор-оқытушылар құрамы туралы)	13
6.2 Материалды ресурстар (материалды-техникалық база туралы)	13
6.3 Білім беру ресурстар (Оқу-әдістемелік қамтамасыздандырылуы)	13
7. 5В011300-Биология мамандығының білім беру бағдарламасы компоненттерін бөлу нормасы және құрылымы	13
8. Білім беру бағдарламасын модернизациялау	14

1. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

1.1 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Университет миссиясы: Қазақстанның оңтүстік аймағының еңбек нарығы үшін білімді, бәсекеге қабілетті және ұлтжандылыққа тәрбиеленген мамандар дайындау мақсатында білім беру қызметтерінің сапасын үнемі жақсарту.

Білім беру бағдарламасы- еліміздің экономикасының еңбек нарығында өркендеп даму мүмкіншіліктері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізуді **мақсат** етеді.

Білім беру бағдарламасыбілім, ғылым және өндірістің кірігуін қамтамасыз ету мақсатында жалпы орта білім, орта арнаулы кәсіби білім беру мекемелерінде мұғалім, жоғары оқу орындарында оқытушы, дене шынықтыру және спорт мәселерімен шұғылданатын ғылыми-зерттеу институттарында, жоғары оқу орындарында ғылыми қызметкер ретінде жұмыс жасай алатын білімі мен құзыреті жеткілікті ғылыми және ғылыми-педагог маман дайындауға бағытталған**міндеттер** қояды. Сол себепті, білім алушы саналы ұрпаққа сапалы білім беру. Дүниетаным, тіршіліктің ғылыми-философиялық, діни негіздері, адам өмірі және қызметінің мазмұны мен теориялық мәні туралы терең білім беру. Кәсіби қалыптасқан маман дайындау.

1.2 Дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасының сипаттамасы

1.2.1 Мамандықтар тобындағы білім беру бағдарламасының орны

Осы білім беру бағдарламасы төмендегі ҚР нормативті құжаттарына негізделіп, дайындалған:

- Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары; 2013 жылы 17 мамырда бекітілген ҚР Үкіметінің № 499 қаулысы.
- Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; 2012 жылы 23 тамызында бекітілген ҚР Үкіметінің № 1080 қаулысы.
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша типтік оқу жоспарлары. 2013 жылы 16 тамызда бекітілген ҚР БҒМ м.а. №343 бұйрығы.
- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары. 2011 жылы 20 сәуірінде бекітілген ҚР БҒМ №152 бұйрығы (02.06.2014ж. толықтырулар мен өзгертулер енгізілген).
- Қазақстан Республикасы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеушісі.

5В010800-Дене шынықтыру және спорт мамандығы сол саладағы кәсіби қызмет мазмұнын толыққанды және сапалы кәсіптік білім алуы тиіс болғандықтан Білім тобына жатады.

1.2.2 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін траекториялар тізбесі студенттердің жеке оқу жоспарында көрсетілген.

5В010800-Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша бітірген түлекке «Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім бакалавры» дәрежесі беріледі.

Түлектердің біліктілігі және лауазымдары Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2010 жылғы 26 қарашасындағы «Басшылардың, мамандардың және тағы да басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын бекіту туралы» № 385-өбұйрығымен анықталады.

Кәсіби қызмет саласы

- білім беру орындары (жалпы орта білім беретін мектептерде, лицей, гимназия, колледжде дене шынықтыру және спорт пәнінің мұғалімі, спорт мектептерде спорт түрінен жаттықтырушы);

- басқару органдары (білім беру бөлімдері, әкімшіліктер, жергілікті спорт бөлімдері);
- ғылым мекемелері (ғылыми-зерттеу және салауатты өмір салты орталықтары және т.б.).

1.2.3 Мамандарды жұмысқа орналастыру перспективалары

Осы мамандықты бітіруші түлектердің кәсіби қызметтің төменгі бағыттарына жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар:

- білім беру (педагогикалық);
- ғылыми-зерттеу;
- әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік құрылымдарда;

1.3 Кәсіби қызметінің сипаттамасы

1.3.1 Кәсіби қызмет сферасы

Білім беру орындары, басқару органдары, ғылым мекемелері және т.б.

1.3.2 Кәсіби қызмет объектісі

Оқу бітіруші түлектердің кәсіптік қызмет объектісіне жалпы білім беретін, орта кәсіптік оқу орындары, ғылыми-зерттеу және салауатты өмір салты орталықтары, басқару саласы, спорт бөлімдері, мектептен тыс білім беру-тәрбиелеу мекемелері жатады.

1.3.3 Кәсіби қызмет түрлері

5B010800-Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім бакалаврлары мынадай кәсіби қызмет түрлерін атқара алады:

- білім беру (педагогикалық): әртүрті білім беру мекемелерінде (мектеп, гимназия, лицей, колледж және т.б.) дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, мектепте спорт түрлерінен факультативтік сабақ және жарыстар ұйымдастырушы ретінде;

- ғылыми – зерттеу: әртүрлі бағыттағы (спорт психологиясы, жасерекшеліктер физиологиясы және спорт гигиенасы және т.б.)

- әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік құрылымдарда (білім беру бөлімдері, әкімшіліктер, жергілікті спорт бөлімдері және т.б.)

1.3.4 Кәсіби қызмет функциясы

Дене шынықтыру және спорт бакалаврының кәсіптік қызметінің функциялары:

- Тәрбиелеу;
- Оқыту;
- Тәлімгерлік;
- Кәсіби бағдар беру;
- Зерттеу;
- Ізгілік;
- Жаттықтыру;

1.3.5 Кәсіби қызмет бойынша типтік тапсырмалары

5B010800-Дене шынықтыру және спорт бакалавры келесі міндеттерді шешуге даярланған болу тиіс:

Әрбір тапсырма өз кезегінде таңдаған бағыттардан туындап және маманға қойылатын талаптарға сай болады.

Білім беру-оқушыларға сапалы білім беру және тәрбиелеу;

Ғылым- ғылыми зерттеулерді өте жоғары әдіснамалық негізде орындау;

Басқару- әкімшілік міндеттерді сауатты шешу.

Салауатты өмір салты мен дене шынықтыру және спортпен шұғылдануды насихаттау

1.3.6 Кәсіби қызметінің мазмұны

Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім бакалавры атқаратын кәсіби қызметтің мазмұны:

- білім беру процесін сапалы ұйымдастыру және басқару;

- білім берудің даралық маңызы, білім алушылардың танымдық қызметтің әдістерін белсенді дамытуға бағдарлау;

- барлық білім беру процесін білім алушының жеке басына бағыттау, оның өзін-өзі ашу және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- студенттерді кәсіби бағдарлау және өз бетінше білім алуға қолайлы жағдайлар жасауға әр түрлі педагогикалық технологияларды пайдалану.

2. Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Оқыту нәтижесі Дублин дескрипторларының бірінші деңгейі (бакалавриат) негізінде анықталады және құзыреттілік арқылы көрінеді. Оқыту нәтижелері бағдарламаның барлық деңгейінде, сондай-ақ жеке пән модулінің деңгейінде сипатталады.

Бірінші деңгейдегі дескрипторлар:

- 1) зерттеп отырған саладағы алдыңғы қатарлы білім элементтерін қоса алғанда, осы сала бойынша білімі мен түсінігін көрсете білу;
- 2) осы білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана білу;
- 3) дәйектемелер құрастыру және зерттеп отырған саладағы проблемаларды шешу;
- 4) әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, пайымдаулар жасауға қажетті ақпарат жинауды және интерпретациялауды жүзеге асыру;
- 5) ақпаратты, идеяларды, проблемаларды және шешімдерді мамандарға да, маман еместерге де жеткізе білу қабілеттерінің болуын көздейді.

Дене шынықтыру мамандығы бойынша білім бакалаврының жалпы құзыреттілігі *шешуші* (әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқару, өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, академиялық ұтқырлыққа байланысты дайындыққа қойылатын талаптар) және *кәсіби* құзыреттіліктер негізінде қалыптасады.

3. 5B010800-Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша бітіруші түлекке тағайындалатын құзыреттіліктер

3.1 Шешуші құзыреттіліктер:

3.1.1.Жалпы білімділікке қойылатын талаптар:

5B010800-Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша бітіруші түлек:

- 1) ойлау мәдениеті мен кең көзқарасы қалыптасқан жоғары білімді тұлға қалыптастыруға негіз болатын жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық, құқықтық пәндер бойынша базалық білім **меңгеру**;
- 2) кәсіби қызметі аясында ақпараттық технологияларды қолдана білу, қазіргі техникамен жұмыс жасай алу **дағдысының болуы**;
- 3) магистратурада білімін жалғастыруға және күнделікті кәсіби қызметіне қажетті жаңа білімді меңгеру **дағдысының болуы**.
- 4) Үздіксіз жетілдіру қағидасын жүзеге асыратын нәтижелі сапа менеджменті жүйесін құру негізінде жеке, қоғам және мемлекеттік мүдде мен қажеттілігіне сай инновациялық және шығармашылық түрде ойлайтын жоғары кәсіби педагогтарды **дайындау**;
- 5) Мектепке дейінгі мекемелерде, орта мектептерде, техникалық және кәсіптік оқу орындарында және басқа ұйымдарда дене тәрбиесінің ғылыми негізделген оқу процесін **жүргізу**;
- 6) Денсаулықты нығайтуға, жаттығуларды, гигиеналық іс-шараларды және табиғаттың жаратылыс күшін пайдалану арқылы дене құрылысын жетілдіруге, активті демалыс және рекреация жүргізу арқылы жұмыс қабілетін артыруға бағытталған, дене тәрбиесі мен спорттың бұқаралық түрі бойынша педагогикалық қызметті **орындау**;
- 7) Мектептегі білім берудің оқу-тәрбие құрылымдарында дене тәрбиесі мен спорт бойынша педагогикалық қызметті ұйымдастыру және жүргізу; спорт мерекелерін жүргізу және жарыстарда **төрешілік ету**.

3.1.2. Әлеуметтік-этикалық құзыреттерге қойылатын талаптар:

- 1) қоғамдық пікірге, дәстүрге, салтқа, қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білу және өзінің кәсіптік қызметінде оларға **сүйену**;
- 2) іскерлік этика нормаларын сақтау, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын **игеру**;
- 3) Қазақстан халқының дәстүрі мен мәдениетін **білу**;
- 4) әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне **толерантты болу**;
- 5) Қазақстанның құқықтық жүйесі мен заңнамасының негіздерін **білу**;
- 6) азаматтық, патриоттық, толеранттық өмірге белсенді көзқарас **тәрбиелеу**;
- 7) ғылым және ғылыми ойлау туралы жалпы түсінігінің **болуы**;
- 8) қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін **білу**;
- 9) түрлі әлеуметтік жағдайларда саналы түрде дұрыс бағыт **ұстана білу**;
- 10) командада жұмыс істеуге қабілетті болу, өзінің көзқарасын әдеппен **дәлелдей алу**, жаңа шешімдер ұсына **білу**;
- 11) ортақ келісімге келе білу, өз пікірін ұжым пікірімен ұштастыра **білу**;
- 12) кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге **ұмтылу**.
- 13) педагогика мен психологияның ұғымдары мен әдіснамалық негіздерін **білу**;
- 14) мектеп жасындағы балалардың анатомиялық-физиологиялық негізгі заңдылықтары мен **дамуын білу**;
- 15) әдістеменің теориялық негіздерін **білу**;
- 16) биологияны мониторингілеудің ғылыми-педагогикалық негіздерін **білуі тиіс**;

3.1.3. Экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне қойылатын талаптар:

- 1) экономикалық білім негіздерін **меңгеру**, менеджмент, маркетинг, қаржы және т.с.с. жөнінде ғылыми түсінігінің **болуы**;
- 2) экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін **білу және түсіну**.
- 3) оқыту мен тәрбиелеу үдерісін құруды **жүзеге асыру**;
- 4) оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі технологияларын **пайдалану**;
- 5) оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерінің мониторингін **жасау**;
- 6) рухани-адамгершілік, патриоттық, экологиялық және оқушылардың денсаулығын сақтайтын тәрбиені **ұйымдастыру және өткізу керек**;
- 7) педагогикалық процессте инновациялық технологияларды **пайдалануы тиіс**;
- 8) мектеп жасындағы балалардың шығармашылық және сыни ойларын дамытуға арналған сабақтарды **ұйымдастыру және өткізу**.

3.1.4. Өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, географиялық және әлеуметтік ұтқырлыққа байланысты дайындыққа қойылатын талаптар:

- 1) заманауи ақпараттық ағынды бағдарлай білу және әлемдік экономикадағы серпінді түрде өзгеріп отыратын құбылыстар мен процестерге бейімделе білу;
- 2) кәсіптік қызметке байланысты түрлі жағдайларда икемді және ұтқыр болу;
- 3) белгісіздіктер мен қауіп-қатер жағдайында экономикалық және ұйымдастыру сипатында шешімдер қабылдау дағдыларының болуы.

3.2 Кәсіби құзыреттілікке қойылатын талаптар:

3.2.1 білуі және түсінуі тиіс:

- A1 – негізгі дене тәрбиесі түсініктерін меңгеру, дене тәрбиесі заңдылықтарын дамыту.
- A2 - дене тәрбиесі пәнінің негізгі теориясын және пәнаралық байланыстарын меңгеру (экология, туризм, экономика негіздері, т.б.), ғылымдағы жалпы жүйесі мен алатын орны.

А3 – дене тәрбиесі ғылымының даму тарихы мен қазіргі кездегі жағдайы, бағалануы.
А4 – алынған тәжірибелерді, кәсіптік және әлеуметтік қызметтерді дамытуда салыстырмалы түрде бағалауға және оны қайта түсінуге бейімделу.

А5- дене тәрбиесін меңгерудегі инновациялық технологиялар

А6- пәнді меңгеру үшін теориялық білім алу, сондай – ақ оқытудың әр түрлі деңгейлерін дамытып, қалыптастыру.

3.2.2.В - білім мен түсінгенін қолдануы:

В1- күнделікті өмірде және оқуда дене тәрбиесі негіздерін зерттеу және теориялық білімді меңгеру.

В2- командада жұмыс істеуге бейімделу.

В3- өзбетінше таңдап алынған спорт түрлерінен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, инновациялық технологияларды қолдана отырып зерттеу жұмыстарына баға беру және сараптау.

В4 – Ұлттық спорт түрін меңгеру және теориялық немесе эксперименттік сараптау нәтижелерін бақылау .

В5- оқу –тәрбие процестерінде және әртүрлі оқу түрлерін моделдеу және іс жүзіне асыру.

В6- спорттық педагогикалық шеберлікті дамыту, араласу

В7 – спортшыға психо-педагогикалық зерттеу әдістері кезінде әртүрлі жастағы оқушылардың физиологиялық дамуы мен қалыптасуына диагноз жасау

3.2.3.С- пікір айтуды қалыптастыру:

С1- педагогикалық іс – әрекеттерді жүйелі ойланып, толықтай қабылдау

С2- тәуелсіз ойлану, аналитикалық, диагностикалық машықтану.

С3- педагогикалық мамандықтың қоғамдық маңыздылығын түсіну, маманданған этиканың негізгі принциптерін ұстану.

С4 – Жан-жақты дамыған, таңдап алынған спорт түрінен кәсіби тұлға ретінде қалыптастыру.

3.2.4. Д - Даралық коммуникативтік мүмкіндіктер:

Д1 – Халықаралық ортада өнеркәсіптік немесе қосалқы қызметтерді жүзеге асыруға бейімделу.

Д2 – Кәсіптік білімдерді және қасиеттерін практикада пайдалануға бейімделу

Д3 –интеллектуалдылық, моральдық, мәдени, коммуникативтік, ұйымдастырушылық – басқарушылық қабілеттерді дамытуға ұмтылу.

Д4 –инновациялық педагогикалық тәжірибелерді оқу барысында қолдану, педагогика саласындағы жоғарғы мотивация, өзбетінше білім алу мен қалыптасуға ұмтылу.

Д5 – Салауатты өмір салтын қолдауға бейімделу

3.2.5.Е - оқу дағдылары немесе оқуға деген қабілеттілік:

Е1- Ойындық тәсілдерді дамыту

Е2- Дене шынықтыру қозғалысын басқару жүйесінің қалыптасуы мен дамуын білу;

Е3-таңдалған мамандық шеңберінде білім алушының қабілеттері мен тұлғалық сапарларын дамыту

Е4- Спортқа дене шынықтырудың құрамдас бөлігі ретінде сипаттама беру

4. Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты

4.1 Білім беру бағдарламасына түсушілердің деңгейін айқындау ережесі

5В010800-Дене шынықтыру және спортмамандығына түсуге тілек білдірген талапкердің жалпы орта білімі, орта арнайы және техникалық-кәсіби білімі, жоғары білімі болуы шарт.

Білім беру бағдарламасына қабылдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы «19» қаңтардағы № 111қаулысымен бекітілген (2012 жылғы 19 сәуірдегі № 487, 2012 жылғы 30 маусымда № 896 қаулыларымен өзгерістер енгізілген) «Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасына түсуге тілек білдерген талапкерлер үшін екі шығармашылық ұйымдастырылады.

2, 3 курста академиялық білім беру бағдарламасы бойынша тілек білдірген білім алушылардың оқу жоспарларында пән айырмасы белгіленген міндетті компоненттен аспауы тиіс.

4.2 Оқыту нәтижесін ағымдағы бақылау

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Үлгі ережесі» бұйрығына 2010 жылында бірнеше өзгерістер енгізілді.

Модульдерді оқыту барысында оқыту нәтижелерін анықтау түрлі нысанда жүргізіледі:

ауызша сұрақ-жауап – пәннің бір немесе бірнеше тақырыбы бойынша оқылған материалдарды өткен соң сұраққа жауап айту және ситуацияны талқылау түрінде жүргізілетін бақылау;

жазбаша бақылау – пәннің әр тақырыбы бойынша практикалық тапсырмаларды орындау, ситуацияларды талдау, шешім қабылдау, қойылған сұрақтар бойынша жұмыс жүргізілетін бақылау;

аралас (комбинированный) сұрақ-жауап – бір немесе бірнеше тақырып бойынша білімді бағалауда ауызша және жазбаша нысандарын бір мезгілде қолдануды қарастыратын бақылау;

үй тапсырмасын презентациялау және қорғау – алынған білімді жеке және топтық үй тапсырмаларының дұрыс орындалғандығын тексеру мақсатында өткен материалдарды игеру мүмкіндігі және оны жарияға ұсыну, пән тақырыптарының арасындағы логикалық байланысын байқау;

лабораториялық жұмыстарды қорғау – техникалық қауіпсіздікті сақтай отырып, лабораториялық жұмыстарды жүргізу әдістерін бақылау;

тесттер – білім алушылардың оқу жетістіктерін сапалылық және объективті тұрғыдан бағалауды іске асыратын белгілі нысандардағы тапсырмалар (ашық, жабық, аралас) жиынтығы;

бақылау жұмыстары – теориялық материалдарды бақылау;

практикалық жұмыстар - техникалық қауіпсіздікті сақтай отырып, практикалық жұмыстарды жүргізу әдістерін бақылау;

4.3 Оқыту нәтижесін қорытынды бақылау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Үлгі ережесі» бұйрығына 2010 жылында бірнеше өзгерістер енгізілді

Семестрдің соңында әр пән бойынша ауызша, жазбаша немес тест түрінде емтихан тапсырады.

Жазбаша емтиханның (тест бойынша және билет бойынша жазбаша өткізілетін) кешенді емтиханның жалпы уақыты 3 сағаттан аспауы керек;

Тесттік тапсырмаларға белгіленген уақыт әрбір тапсырмаға 1-2 минут көлемімен есептелініп алынады.

Пән бойынша қорытынды бақылау ағымдық, аралық қорытынды бақылау бағаларын есепке алады. Бағалау 100 баллдық жүйемен жүргізіледі.

8 семестрде білім беру бағдарламасынан игерілген білім бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады немесе дипломдық жұмысты (жобаны) қорғайды. Дипломдық жұмыс (жоба) мемлекеттік аттестаттау комиссиясының алдында жария түрде қорғалады.

4.4 Кредиттерді жинақтау және бағалау ережесі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін

ұйымдастырудың қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты білім алушының теориялық оқу бойынша кемінде 129 кредитін, сондай-ақ практиканың кемінде 6 кредитін игеруі болып табылады. және 250 ECTS кредиттерді жинау керек.

Бір оқу жылында 36-48 ҚР кредиттері, 60-65 ECTS академиялық кредиттері есептелген.

Бір семестрде студенттер 18-22 ҚР кредиттері, 29-33 ECTS академиялық кредиттері игеруі тиіс;

Студент белгіленген модуль (пән, пәннің бөлімі, және пәнаралық блок, т.б.) бойынша қорытынды бақылаудан оң баға алған кезде ғана кредиттер игерілді деп есептеледі.

Кредиттер саны алған бағаға байланысты емес, баға міндетті түрде оң баға болуы тиіс;

Баға бағалау кестесіне сәйкес А мен D арасында болса, кредиттер есептеледі;

Егер студент модульді игере алмаса, жалпы кредит саны есептелмейді.

Кредиттік оқыту жүйесі бойынша бағалау жүйесі (кесте 1).

Кесте 1.

Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Бал	ECTS бойынша бағалау
Өтежақсы	A	4,0	95-100	95-100	A (өте жақсы)
	A-	3,67	90-94	90-94	
Жақсы	B+	3,33	85-89	85-89	B (жақсы)
	B	3,0	80-84	80-84	
	B-	2,67	75-79	75-79	
Қанағаттанарлық	C+	2,33	70-74	70-74	C (жақсы)
	C	2,0	65-69	65-69	
	C-	1,67	60-64	60-64	
	D+	1,33	55-59	55-59	
	D	1,0	50-54	50-54	
Қанағаттанарлықсыз	F	0	0-49	0-49	F(FX) (қанағаттанарлықсыз)

4.5 Түлектердің жұмысқа орналасу динамикасын бақылау

Жоғары білім беру бағдарламасының қорытынды аттестациясын сәтті өткен тұлғаларға 5B010800-Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі. Біліктілік пен қызметтер 25.11.2010 ж. No 385-ө Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрығымен « Жетекшілер, мамандар және басқа да қызметкерлердің қызметтерінің біліктілік анықтамасына» байланысты анықталынады.

Жалпы орта, орта арнайы және жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу орталықтарында, жергілікті атқарушы органдарында жұмыс істей алады.

5. Білім беру бағдарламасын іске асыруға қойылатын талаптар

Білім беру бағдарламасын іске асыру модульдері айқындалған. Олар: міндетті модульдер каталогы, элективті модульдер каталогы және практика модулі.

5.1 Міндетті пәндер каталогы

Міндетті пәндер - белгіленген кредит шеңберінде және үлгілік оқу жоспарында көрсетілген пәндер бойынша білім алушылардың жеке дайындығын айқындайтын міндетті компонентке кіретін оқу пәндері. **Қосымша 1.**

5.2 Элективті пәндер каталогы

Элективтік пәндер - белгіленген кредит шеңберінде және білім беру ұйымы енгізетін таңдау бойынша білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін әлеуметтік-экономикалық дамытудың ерекшеліктерін және нақты өңірдің, жоғары оқу орындарында ғылыми мектеп пайда болатын қажеттіліктерін есепке алатын компонентке кіретін оқу пәндері. **Қосымша 2.**

5.3 *Практика модулі бойынша бағдарламалар* (оқу, педагогикалық, өндірістік және т.б.). Практика модулінде алынған теориялық білімдерді практика жүзінде бекіту болып табылады. Сондықтан білім алушының оқу, педагогикалық және өндірістік-дипломалды практикаларда болуы шарт. **Қосымша 3.**

5.4 *Білім беру бағдарламасының үлгілі жұмыс оқу жоспары* (жұмыс көлемі мен пәндерді игеру тәртібін есепке ала отырып оқыту жылы бойынша модульдердің бөлінуі)

Үлгілік оқу жоспары (бұдан әрі - ҮОЖ) - білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды оқытудың тәртібін және бақылау нысандарын реттейтін құжат. **Қосымша 4.**

5.5 *Студенттің жеке оқу жоспарының үлгісі* (білім беру бағдарламасын игеру бойынша студенттің жұмыс бағдарламасы). **Қосымша 5.**

Жеке оқу жоспары (бұдан әрі - ЖОЖ) - білім алушымен ҮОЖ және элективті пәндердің каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына дербес жасалатын оқу жоспары.

5.6 *Жұмыс оқу жоспарының үлгісі.* **Қосымша 6.**

Оқу жұмыс жоспары – мамандықтың ҮОЖ және білім алушының жеке оқу жоспары негізінде білім беру ұйымдары дербес әзірлейтін құжат.

5.7 *Академиялық календарь.* **Қосымша 7.**

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.

5.8 *Білім беру бағдарламасының мазмұны.* **Қосымша 8.**

Модульдердегі пәндердің Дублин дескрипторларына сәйкес қалыптасатын күзінеттіліктер.

5.9 *Жиынтық кесте.* **Қосымша 9.**

Білім беру бағдарламасындағы модульдер кесіндісінде меңгерілген кредиттер көлемін бейнелейтін жиынтық кесте.

5.10 *Формуляр.* **Қосымша 10.**

Модульдердегі пәндердің Дублин дескрипторларына сәйкес оқыту нәтижелері көрсетілген.

5.11 *Кәсіби құзыреттілік және пәндер құзыреттілігінің матрицасы.* **Қосымша 11.**

Пәндерді бойынша Дублин дескрипторларына сәйкес қалыптасатын кәсіби құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелері көрсетілген.

5.12 *Білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер.* **Қосымша 12.**

Білім беру бағдарламасының паспорты, сондай-ақ білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер.

6. Білім беру бағдарламасын қолдау

6.1 Интеллектуалды ресурстар (Профессор-оқытушылар құрамы туралы)

Білім беру бағдарламасының жоғары кәсіптік профессор-оқытушылармен қамтамасыз етілген. Олардың ғылыми бағыттағы базалық, бейіндік білімі бар. Мамандық бойыншаштаттық 1 м.ғ.к., 3 доцент, 4 магистр, аға оқытушы, 2 аға оқытушы, 2 оқытушы жұмыс істейді. Кредиттік оқыту жүйесінің негізгі принциптерін қамтамасыз ететін, яғни таңдау курстары және оқу жоспарына сай әртүрлі пәндерді тең дәрежеде жүргізе алатын, бірін-бірі алмастыра алатын және студенттердің таңдауына мүмкін болатын профессор-оқытушылар жеткілікті. Осыған орай кафедра меңгерушісі әр оқу жылында мүмкіндігінше оқытушылардың жүктемесін өзара алмастырып отыруды қарастырады.

6.2 Материалды ресурстар (материалды-техникалық база туралы)

Материалды-техникалық база мамандықтың ерекшелін ескере отырып жабдықталған. №121 аудитория "Анатомия және физиология" дәрісханасы, №133 аудитория "Әдістемемелік дәрісхана", №118 аудитория "Теннис залы", №120 аудитория "Күрес залы", Спорт кешені, Тренажер залы.

Студенттерді практикадан өткізу мақсатында келесі практика базаларымен келісімшарттар жасалған:

№24 С.Ерубаев атындағы мектеп гимназиясы,

№116 Д.Нүрпейсова атындағы жалпы орта мектебі.

6.3 Білім беру ресурстары (Оқу-әдістемелік қамтамасыздандырылуы)

Кафедрада оқу әдістемелік құжаттар қамтамасыз етілген, атап айтқанда пәндер бойынша типтік бағдарламалар және мемлекеттік стандарт бар. Кітапхана қорында мамандық бойынша қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттер жинақталған. Ақпараттық білім беру орталығынан студенттердің ғылыми кітапханалар жайлы библиографиялық анықтамаларды пайдалану мүмкіндігі бар, онда дәстүрлі және электронды каталогтар қарастырылады.

7. 5B010800-Дене шынықтыру және спорт мамандығының білім беру бағдарламасы компоненттерін бөлу нормасы және құрылымы

№	Қызмет түрлері	Кредиттер саны	Апта саны	Жалпы сағат саны
1	Теориялық оқыту (1:2), соның ішінде:	129	105	5805
	1) Міндетті пәндер компоненті	46		
	2) Таңдау пәндері компоненті	83		
2	Дене шынықтыру (4семестр) (2:0)	8	60	240
3	Қорытынды аттестация (1:6), соның ішінде:	3	6	315
	1) Мемлекеттік емтихан (1 МЕ үшін)	1	2	105
	2) Дипломдық жұмысты жазу және қорғау	2	4	210
	Жиыны:	140	111	6360
4	Практика (кәсіби), соның ішінде:	6	5-11	150-330
	1) оқу (1:0)	8	4	120
	2) өндірістік(педагогикалық) (1:4)	2	5	150
	3) дипломалды (1:4)	2	5	150
5	Демалыстар	-	63-57	-
6	Экзаменационная сессия (7x3 нед.)	-	21	-
	Барлығы: (52 апта x 4 жыл - 8 апта=200)	146	200	6510-6690

Ескертпе:

1. Бакалавр дәрежесін алу үшін студент теориялық оқудың кемінде 129 кредитін және кәсіби практиканың кемінде 6 кредитін игеруі тиіс (мамандықтың ҮОЖ-ында жоспарланған кредит санына қарамастан).

2. Мамандық бойынша 1 мемлекеттік емтиханға 1 кредит, дипломдық жұмысты жазуға және қорғауға 2 кредит жоспарланады (мамандықтың ҮОЖ-ында жоспарланған кредит санына қарамастан).

3. Практикаға бөлінетін кредиттер саны 6-дан кем болмауы тиіс. Оқу практикасы 2 кредит көлемінде, сондай-ақ педагогикалық және/немесе өндірістік практиканың жалпы көлемі кемінде 4 кредит көлемінде жоспарланады.

4. Қорытынды аттестаттаудың жалпы көлемі (сағатпен) және дене шынықтыру сабақтары студенттің апталық жүктемесіне енбейді.

5. Қызмет түрлері бойынша апта сандары өзгеруі мүмкін, бірақ студенттің орташа апталық жүктемесі 57 сағаттан аспауы тиіс («Дене шынықтыру» пәнін қоспағанда).

6. Демалыс ұзақтығы бітіруші курсты қоспағанда, оқу жылы бойында 7 аптадан кем болмауы керек. Оқу жылындағы 7 аптадан артық демалыс уақытын ЖОО өздігінен қызметтің басқа түрлеріне қайта бөле алады.

7. Жазғы семестр демалыс есебінен немесе академиялық күнтізбе бойынша бөлек жоспарлануы мүмкін.

8. Мамандықтың ҮОЖ-ында көрсетілмеген жағдайда дипломалды практиканы ЖОО өздігінен демалыс есебінен жоспарлауы мүмкін.

8. Білім беру бағдарламасын модернизациялау

Білім беру бағдарламасын оқытудың соңғы нәтижесін талдауды есепке алатырып, модернизациялау (жаңашаландыру)

Оқыту нәтижесіне және жұмыс берушілер мен еңбек нарығының сұранысына байланысты білім беру бағдарламаларын қалыптастыру тиімділігі мен тұрақтылығының әлеуетті жыл сайын өзгертілуі мүмкін.